

«Архив және болашақ ұрпақ»

21.09.2023 жылы «Архив және болашақ ұрпақ» жобасы аясында «Сарысу ауданының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері «Архив-халық мұрасы» тақырыбында ашық есік күнін өткізді. Іс-шараға аудандық «Сарысу» газетінің тілшісі С.Есқараев, Б.Қашқынбаев атындағы орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі С.Қашманбетова мен 11-сынып оқушылары және Сарысу ауданының «№11 колледжінің» мұғалімі С.Елеуқұлов пен студенттері қатысты. «Ұлы өнердің ұлағатты тұлғалары» тақырыбында А.Ашимовтың және И.Жақановтың архивтік құжаттары негізінде көрме жасалып, архивист М.Акмолдаева таныстырды. Көне латын тіліндегі құжаттар бойынша М.Абилова түсіндірме жасады. Заманауи жылжымалы сөрелер орнатылған архивтік қоймаға экскурсия жасалып, қағаз құжаттарды шаңнан арылту жұмыстарын А.Башенова көрсетті. Қағаз негізіндегі құжаттарды ЭЦФ көшіру жұмыстарымен А.Темирова таныстырды.



ННФ08763